

2016 жылдың қаңтарынан бастап наурызға дейін Қазақстан Республикасы ер азаматтарының Ақжар ауданының аумағында тіркеуін және медициналық куәландырылуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 28 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 желтоқсанда N 3497 болып тіркелді

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 16 бабына, "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 қаулысына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. 2016 жылдың қаңтарынан бастап наурызға дейін тіркеу жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасы ер азаматтарының "Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі әскерге шақыру учаскесінде (келісім бойынша) тіркеуін және медициналық куәландырылуын ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

*Қазақстан Республикасы
қорғаныс Министрлігінің
"Солтүстік Қазақстан облысы
Ақжар ауданының
қорғаныс істер жөніндегі
бөлімі" республикалық
мемлекеттік мекемесінің
бастығы
2015 жылы 2 желтоқсан*

С. Тұралинов

Р. Байсалдин